

## "Мелиоратор" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 28 желтоқсан N 1395. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.06. N 314 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Мелиоратор" республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен "Мелиоратор" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның жарғысын бекітсін;

Қоғам қызметінің негізгі мәні жұмыс істеп тұрған және жаңадан іске қосылатын су шаруашылығы және гидромелиоративтік жүйелерді жабдықтармен жасақтау, оларда іске қосу-реттеу жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ су шаруашылығы және гидромелиоративтік құрылыстардың объектілері үшін жобалау-сметалық құжаттаманы дайындау болып а й қ ы н д а л с ы н ;

3) Қоғамның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

4) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 1 2 4 - қ ұ ж а т ) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Павлодар облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік

нөмірі 265-9-жолмен толықтырылсын:

"265-9. "Мелиоратор" ЖАҚ";

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 205-5-жолмен толықтырылсын:

"205-5. "Мелиоратор" ЖАҚ".

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*